

Тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шарт

Нұр-Сұлтан қ.

№174

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 19.06.2020 ж. №42-Н бұйрық негізінде әрекет ететін Бас инженер Керимкулов Болат Бериккулович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "КСК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, жарғы негізінде әрекет ететін директоры Николаев Константин Владимирович атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, 39-бап 3-тармақ 42-тармақша егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін айлық есептік көрсеткіштің үш мың еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу; «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң), «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» мемлекеттік сатып алудың тәсілі негізінде осы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

1 Шарттың мәні

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Тауарды жеткізуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Тауарды қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төмендегі санамаланған құжаттар және оларда айтылған талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтсақ:

- 1) осы Шарт;
- 2) сатып алынатын тауарларды жеткізу шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 1 069 554.08 (бір миллион алпыс тоғыз мың бес жүз елу төрт тенге сегіз тиын)) теңгені құрайды және Тауарлар жеткізумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 114 595.08 тенге (жүз он төрт мың бес жүз тоқсан бес тенге сегіз тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Жеткізілген Тауар үшін төлемді Тапсырыс беруші Тауарларды қабылдап алу-беру актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді



2.3 Сандық және құндық шамадағы жеткізілетін тауар көлемі Шартқа 1-қосымшада келтірілген.

2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар

1) қол қойылған Шарт;

2) жүкқұжат

3) Тауарларды қабылдап алу-беру актісі (актілері);

4) Қағидаларға 22-4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарлардағы жергілікті қамтудың үлесі бойынша есеп (шарттық міндеттемелер толық орындалғаннан кейін ұсынылады);

5) Өнім беруші Тапсырыс берушіге берген, жеткізілген тауарлардың сипаттамасымен, санын, бірлік бағасын және жалпы сомасын көрсете отырып, шот-фактура;

3 Тараптардың міндеттемелері

3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға тауарлардың сәйкестігін қамтамасыз етуге;

3) Тауарларды түпкілікті арналған пунктіне тасымалдау кезінде олардың бұзылудан немесе бүлінуден сақтай алатын орауышын қамтамасыз етуді. Орауыш қандай да бір шектеусіз қарқынды жүктеу-тасымалдау өңдеуі мен экстремалды температуралардың әсерлерге, тасымалдау кезінде тұздар мен жауын-шашынға, сондай-ақ ашық түрде сақтауға төзе алатын болуы қажет. Оралған жәшіктер габариттері мен олардың салмақтарын айқындау кезінде, Тауарлар тасымалының барлық пункттерінде жеткізудің соңғы пунктінің алыстылығын және қуатты жүккөтергіш құралдарының бар болуын ескеру қажет;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімсіз жоғарыда көрсетілген құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.



8) электрондық-цифрлық қолтаңбамен бекітілген тауарларды қабылдау-беру актісін ресімдеуге және Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы жіберуге

9) Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша жеткізілген Тауарларға төлем талап етуге;

2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге құқылы.

3.3 Тапсырыс беруші:

1) тауар жеткізу үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) тауардың сәйкессіздіктері мен кемшіліктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) тауарды қабылдап алу кезінде веб-портал арқылы Тауарды қабылдап алу-беру актісін бекітуге не Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 426-4-тармағында белгіленген мерзімде оны қабылдамаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

Бұл ретте тауарды қабылдап алуды Тапсырыс беруші немесе сенімхат бойынша оның өкілі жүзеге асырады;

3-1) тауарды (тауарларды) қабылдау-беру актісі бекітілгеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны қабылдауға;

4) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

3.4 Тапсырыс беруші:

1) жеткізілген Тауарлардың сапасын тексеруге;

2) Тауар мерзімінен бұрын жеткізілген жағдайда Тапсырыс беруші Тауарды мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері жеткізілген Тауарлардың техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.



4.2 Осы Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлар техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде жеткізілген Тауарлардың нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 күн ішінде қолданады.

4.4 Тауарлардың техникалық ерекшелікке сәйкестілігін тексеру Өнім беруші немесе қосалқы мердігер(лер) аумағында, жеткізу орнында және (немесе) Тауарлардың түпкілікті мақсат пунктіне жүргізілуі мүмкін. Егер олар Өнім беруші немесе оның қосалқы мердігері(лері) аумағында жүргізілетін болса, Тапсырыс беруші инспекторларына, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, сызбалар мен өндірістік ақпараттарға рұқсатты қоса алғанда, барлық қажетті құралдар мен көмек ұсынылатын болады.

4.5 Жоғарыда көрсетілген тармақтың ешқайсысы Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

5 Тауарларды жеткізу және құжаттама

5.1 Өнім беруші Тауар арналған пунктте Тапсырыс берушінің өкіліне мынадай құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) жүкқұжат түпнұсқасы 1;

2) ақпарат Тауардың өзінде және/немесе орамасында көрсетілген не Тауар сапасы дайындаушы кәсіпорынның мөртаңбасымен немесе белгілерді таратып жаза отырып, басқа белгімен Тауардың өзінде және/немесе оның орамасында расталған жағдайларды қоспағанда, Тауардың жиынтығы, оның техникалық сипаттамасы, пайдалану қағидалары, кепілдігі туралы мәліметтерді және Тауардың сапасын және оның Қазақстан Республикасында танылған нормативтік-техникалық құжаттарға сәйкестігін айқындау үшін қажетті басқа да мәліметтерді қамтитын дайындаушы зауыт (жөнелтуші) берген зауыттың сапа сертификатының және/немесе техникалық паспортының түпнұсқалары немесе нотариалды куәландырылған көшірмелері;

3) сәйкестігін міндетті түрде растауға жатпайтын Тауарларды қоспағанда, өнім беруші растаған Тауардың сәйкестігін бағалау туралы құжаттың (сәйкестік сертификаты / сәйкестігі туралы декларация / мемлекеттік тіркеу туралы куәлік) көшірмесі;

4) Дайындаушының немесе Жеткізушінің (қажет болған кезде) кепілдік (міндеттеме) сертификаты

5) Егер Тауар Қазақстанда шығарылған жағдайда, онда белгіленген үлгіде «СТ-KZ» Тауардың шығарылуы туралы сертификаттың түпнұсқасы немесе көшірмесі, не уәкілетті ұйым растаған көшірмесі беріледі.

Егер Тауар шетелде шығарылған болса, онда шығарған елдің тиісті органы белгілеген тәртіппен берген Тауардың шығуы туралы тиісті сертификаттың түпнұсқасы немесе нотариалды расталған көшірмесі беріледі.

5.2 емесе бүлінуі тәуекелін қоса алғанда, онымен байланысты барлық тәуекелдер Тараптар Тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойған сәттен бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Осы сәттен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде Өнім беруші Тапсырыс берушіден Тауарды қабылдау кезінде анықтау мүмкін болмаған Тауардың ақаулықтарына байланысты



кінараттарды қабылдайды.

5.3 Жеткізу Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тауарды техникалық ерекшелікте көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте толық беру шартында жасалды деп есептеледі.

5.4 Осы Шарттың 5.3-тармағының талаптары сақталған кезде Тауарды жеткізу/беру күні деп өнім берушінің веб-портал арқылы тапсырыс берушіге тауарды қабылдап алу-беру актісін жіберген күні есептеледі.

6 Кепілдік. Сапа

6.1 Өнім беруші осы Шарт шеңберінде жеткізілетін Тауардың:

1) сапалы және сатып алынатын тауарларға ұлттық стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда мемлекетаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келетініне;

2) жаңа, пайдаланылмаған, зауыт орамасында, материалы мен орындауында ешқандай ақаулықтары жоқ екендігіне;

3) өнеркәсіптік және (немесе) басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғаның кез келген құқықтары мен талаптарынан бос екеніне кепілдік береді.

6.2 Тауардың сатып алынатын тауарлар тізбесіне және осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес толық жеткізілмегені анықталған немесе жеткізілген Тауарда ораманы ашу кезінде жасырын қандай да бір зауыт ақаулары анықталған жағдайда немесе егер Тауар сапасы техникалық дайындау талаптарына толық сәйкес келмесе, Тапсырыс беруші жиырма күндік мерзімде жарнамалық акті жасайды, ал Өнім беруші 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде өз есебінен Тауарды жаңасына ауыстырады.

6.3 Жеткізілетін Тауардың кепілді кезең Тауар Тапсырыс берушінің қоймасына түскен күннен бастап 12 (он екі) күнтізбелік ай деп белгіленеді. Ауыстырылған немесе жөнделген Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстырылған сәттен бастап басталады. Тауар ақауларын жою, ауыстыру бойынша, оның ішінде кедендік тазалауға байланысты барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Егер туындаған ақауларды жоюда іркіліс Өнім берушінің кінәсінен болған жағдайда кепілдік беру мерзімі тиісті уақыт кезеңіне ұзартылатын болады.

7 Тараптардың жауапкершілігі

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол



міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.4 Өнім беруші Тауарды жеткізуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Тауар жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша Тауар жеткізу үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе Тауар жеткізу кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім беруші толығымен де, ішінара да біреуге осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бермеуі тиіс.

7.8 Өнім беруші тауарды (көлемі мен саны өтінімде көрсетіледі) Тапсырыс берушінің бірінші өтінімі бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге міндеттенеді. Тапсырыс беруші тауарларды жеткізудің келесі көлемдері мен мерзімдері өтінімдерде айтылады

8 Шарттың қолданыс мерзімі және бұзу талаптары

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2020-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.3 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жіберіп

1) егер Өнім беруші Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде тауар жеткізе алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.



8.4 Шарт мынадай фактілердің бірі анықталған жағдайда кез келген кезеңде оның бұзылуы туралы талапты қамтуы тиіс:

1) оның негізінде осы Шарт жасалған сатып алуға қатысты Заңның 6-бабында көзделген шектеулердің бұзылуының анықталуы;

2) мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы Өнім берушіге Заңда көзделмеген қолдауды көрсету;

8.5 Шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда оны тараптардың келісімі бойынша бұзуға болады.

Шарт жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты жойылған кезде Өнім беруші Шарт бойынша бұзылуға байланысты бұзылған күнге іс жүзіндегі шығындар үшін ақы талап етуге құқылы болады.

9 Хабарлама

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграмма, телекс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

10 Форс-мажор

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар оның толық немесе ішінара орындалмауы үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

11 Даулы мәселелерді шешу

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

12 Өзге де шарттар



12.1 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

12.2 . Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістерді енгізуге:

1) Шартта жеткізілген Тауарлардың бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында жеткізілетін Тауарлар көлемінде қажеттіліктің азаюымен не ұлғаюымен байланысты Шарт сомасының азаюы не ұлғаюы бөлігінде. Жасалған шартты осындай өзгертуге осы мемлекеттік сатып алу бойынша қалыптасқан үнемдеу шегінде жол беріледі;

2) егер Өнім беруші онымен жасасқан Шартты орындау үдерісінде тауар бірлігі үшін бағаның өзгермеуі шартында онымен жасасқан Шарттың мәні болып табылған жеткізілетін тауардың анағұрлым жақсы сапалы және (немесе) техникалық сипаттамасын не мерзімін және (немесе) талаптарын ұсынған жағдайда

3) Тауарлардың бағасын және тиісінше Шарт сомасының азаюы бөлігінде Тараптардың өзара келісімі бойынша;

4) егер Өнім беруші жеткізілетін тауардың өндірушісі болып табылған жағдайда Тауар жеткізу туралы шарттың орындалу мерзімі өзгерген бөлігінде рұқсат беріледі.

12.3 Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші Тараптың жазбаша келісімімен жол беріледі.

12.4 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

12.5 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі
г.Нур-Султан, Карасай батыра, 16
БСН 030740001503
БСК EURIKZKA
ЖСК KZ2194805KZT22033019
"Еуразиялық Банк" АҚ
Тел.: 579611
Бас инженер Керимкулов Болат
Бериккулович

Өнім беруші:
"КСК" жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі
Карагандинская область, г.Караганда,
Бухар Жырау, 58А
БСН/ЖСН 011240001138
БСК SABRKZKA
ЖСК KZ66914398411BC03110
«Жинақ банкі» АҚ ЕБ
Тел.: +77475393569
директоры Николаев Константин
Владимирович

Аббревиатураларды таратып жазу:
БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
БСК – банктік сәйкестендіру коды;
ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;
ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;
ССН – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;



ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - тегі аты әкесінің аты



Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №:

Электрондық конкурстың атауы: Решение о проведении государственных закупок

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
	"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Күпшек тығыздамасы	жүк автомобилі үшін	Запчасть зил Сальник ступицы ЗИЛ зад 142x168x16	Дана	5	499.52	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	2 497.60



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сорғы	дизель қозғалтқышы, су сорабы үшін	Запчасть зил Помпа ЗИЛ Пекар (без шкива)	Дана	3	31 500.00	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (3)	0	94 500.00
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Төсем	карбюраторлы қозғалтқыш үшін, цилиндр блогының бастиегі, жеңіл автомобиль үшін	Запчасть зил Прокл под плиту ЗИЛ130	Комплект	5	2 000.32	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	10 001.60
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Төсем	дизельдік қозғалтқыш үшін, цилиндр блогының бастиегі, жүк автомобилі үшін	Запчасть зил Прокл двиг ЗИЛ 130 (полный. прокл+РТИ,55 комплектующих) эконом "ГОСТех" в уп.	Комплект	5	3 999.52	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	19 997.60



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Ажыратқыш себетінің табандығы	жүк автомобилі үшін	Запчасть зил Лапки сцепления ЗИЛ 130 комп 4шт	Комплект	5	5 549.60	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	27 748.00
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Карданды айкастырма	жүк автомобилі үшін	Запчасть зил Крестовина ЗИЛ-130 (под стопорные кольца)	Дана	6	2 899.68	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (6)	0	17 398.08
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Төсем	карбюраторлы қозғалтқыш үшін, қартер тұғыры, жүк автомобилі үшін	Запчасть зил Прокл поддона ЗИЛ пробк (Саморим)	Дана	5	2 800.00	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	14 000.00



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сүзгіш	ФгП	Запчасть зил Фильтр ГУР ЗИЛ-5301 Бычок (М эфм 540) Цитрон	Дана	5	359.52	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	1 797.60
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Арнайы бұранда	жүк автомобилі үшін	Запчасть зил Болт кардана ЗИЛ в сб (4шт)	Комплект	5	730.24	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	3 651.20
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Ілініспе дискісі	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Запчасть зил Диск сцепл ведом ЗИЛ-130,131 (дв. ЗИЛ 130 (508) бензин) -б/асб."Триал"	Дана	5	10 000.48	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	50 002.40



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Ілініспе дискісі	жүк автомобилі үшін	Запчасть зил Диск сцепл ведом ЗИЛ-130,131 (дв. ЗИЛ 130 (508) бензин)	Дана	5	7 200.48	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	36 002.40
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалғастырғыш	құбыршек үшін, поливинилхлоридті	Запчасть зил Муфта выжимн подш ЗИЛ-130 в сборе "ГОСТех" в уп.	Дана	5	6 799.52	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	33 997.60
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Ілінісу жалғастырғышы	жүк автомобилі үшін	Запчасть ЗИЛ Муфта выжимн подш ЗИЛ-130	Дана	5	9 720.48	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	48 602.40



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Ілінісу мойынтірегі	жеңіл автомобиль үшін	Запчасть уаз Муфта выжимн подш в сб. УАЗ с развальцованным подшипником, под первичный вал КПП 29 мм, под лепестко	Дана	5	6 200.32	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	31 001.60
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жалғастырғыш	құбыршек үшін, поливинилхлоридті	Запчасть уаз Муфта выжимн подш в сб. УАЗ-3151.3741 (дв.УМЗ-417.КПП 4-х ступ.лепест.сцеп) "ГОСТех" в уп	Дана	5	3 550.40	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	17 752.00
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Белдік тығыздамасы	жеңіл автомобиль үшін	Запчасть уаз Сальник моста УАЗ-Hunter, Patriot 42x75x10-15,5	Дана	5	1 850.24	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	9 251.20



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Отын деңгейі қадағасы	арнайы және мамандандырылған техника үшін	Запчасть уаз Бензодатчик УАЗ-3163 EURO-III, IV погружного электробензонасоса KNU-1139300-63	Дана	5	1 199.52	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	5 997.60
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Отын сорғысы	арнайы және мамандандырылған техника үшін, жоғары қысым	запчасть уаз Бензонасос УАЗ Пекар 900	Дана	4	6 500.48	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (4)	0	26 001.92
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Ілінісуді сөндіру серіппесі	жеңіл автомобиль үшін	Запчасть уаз Пружина выж подшип УАЗ,53	Дана	5	140.00	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	700.00



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Төсем	қозғалтқыш үшін, мамандандырылған автокөлік үшін	Запчасть уаз Прокл двиг УАЗ-417 (прокл+РТИ.36 комплектующих) ГОСТех в уп.	Комплект	5	4 299.68	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	21 498.40
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Тоқтатқыш тығырық	жеңіл автомобиль үшін	Запчасть уаз Стопор порш пальца УАЗ	Дана	12	44.80	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (12)	0	537.60
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Реле	автомотриса үшін	Запчасть уаз Втягивающее реле В мал, УАЗ дв УМЗ (2-болта) АТЭ-1	Дана	5	7 900.48	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	39 502.40



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Күпшек мойынтірегі	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Запчасть ВАЗ Подшип ступицы 2108 зад Автотехник	Дана	5	4 500.16	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	22 500.80
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шеңбер	жүк-жолаушы автомобилінің карбюраторлы қозғалтқышы үшін, май сылғыш, мікбасты	Запчасть ВАЗ Кольца 92,0 узкие KNG-1000100-57	Комплект	5	7 000.00	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	35 000.00
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Желдеткіш жетегінің белдігі	жүк автомобилі үшін	Запчасть ВАЗ Ремень ГРМ 111зуб 2108-15 TKV-1006040-21	Дана	5	2 100.00	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	10 500.00



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шам	жеңіл автомобиль үшін	Запчасть ВАЗ Фонарь 2108 зад левый, правый	Дана	5	7 399.84	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	36 999.20
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Әйнек көтергіш тұтқасы	жеңіл автомобиль үшін	Запчасть ВАЗ Стеклоподъёмн 2109 пер лев	Дана	5	2 450.56	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	12 252.80
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сүзгіш	майлы, ішкі жану қозғалтқышына арналған, механикалық	Запчасть ВАЗ Фильтр маслен GB-102M Ваз-08 б/ упаковки БИГ	Дана	6	919.52	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (6)	0	5 517.12



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Өйнек көтергіш тұтқасы	жеңіл автомобиль үшін	Запчасть ВАЗ Ручка ст/подъемн 2108 метал	Дана	8	580.16	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (8)	0	4 641.28
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Белдік	желдеткіш жетегінің, арнайы және мамандандырылған жүк көтергіш техникасына арналған	Запчасть Ваз Ремень 875 AVX 13 дв.УМЗ-4216 TKG-1308020-61 TANAKI	Дана	5	669.76	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	3 348.80
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сорғы	дизель қозғалтқышына, отынды айдайтын сорғыға арналған	Запчасть ВАЗ Помпа 2108,15	Дана	5	5 800.48	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	29 002.40



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Ауыстырып-қосқыш	жеңіл автокөліктің жарығына арналған	Запчасть ВАЗ Переключ поворотов и света ВАЗ 2108-2115 12В.,8А.	Дана	5	1 600.48	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	8 002.40
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Ұлғайма күбішігінің тығыны	жүк автомобилі үшін	Запчасть ВАЗ Пробка расширит бачка 3302, 2108-21099, 2110-2115 Промо	Дана	5	460.32	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	2 301.60
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Ауаның массалық шығын қадағасы	жеңіл автомобиль үшін	Запчасть ВАЗ Датчик массов расх возд 2108,099,13,15,10,12 (с 1999 по 2004)	Дана	5	12 857.60	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	64 288.00



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шар тәріздес тірек	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Запчасть ВАЗ Шаровая опора 2108,15 Кедр	Дана	5	2 499.84	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді (5)	0	12 499.20
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жылытқыштың радиаторы	жеңіл автомобиль үшін	Запчасть ВАЗ Радиатор охлаж 2108 алюм. 2-х рядн	Дана	5	9 599.52	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	47 997.60
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шар тәріздес тірек	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Запчасть ВАЗ Шаровая опора 2108-15,2110-12,Приора FINWHALE (FJ480)	Дана	5	2 499.84	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	12 499.20



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Отын сорғысы	арнайы және мамандандырылған техника үшін, жоғары қысым	Запчасть ВАЗ Электробензонасос (моторчик) 2110-12,2114-15 погружн (дв 1.5)	Дана	5	4 999.68	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	24 998.40
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Тозаңдық	жеңіл автомобильдер үшін, ШРУС жетектері (сыртқы)	Запчасть ВАЗ Шрус 2108-15,1118,2170,2190 наруж (кт) Riginal	Комплект	5	5 500.32	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	27 501.60
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Тозаңдық	жеңіл автомобильдер үшін, ШРУС жетектері (сыртқы)	Запчасть ВАЗ Шрус 2108-99,2110-12,2113-15,1117-19,2170-72,2190 внутр. (без ABS) Пекар	Дана	5	7 000.00	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	35 000.00



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сүзгіш	майлы, поршенді компрессор үшін	Запчасть ВАЗ Фильтр маслен 2101 (9.2.5) Цитрон	Дана	5	1 120.00	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	5 600.00
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Стартер	арнайы және мамандандырылған автомобиль үшін	Запчасть ВАЗ Стартер ВАЗ-2108-2109 (кВт-1,3:В-12) БАТЭ	Дана	5	15 600.48	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	78 002.40
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қылшақ	электрліграфитті, Г-32	Запчасть ВАЗ Щетка ст/очист 50 см 2108-2115 , 3302,2705, ЗИЛ 5301 с гравит. резин,	Комплект	5	1 000.16	шарт бойынша	шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	5 000.80



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Сүзгіш	отындық, жеңіл автомобильдің карбюраторлық қозғалтқышына арналған	Запчасть ВАЗ Фильтр Т.О. В,Гз,ВАЗ с прямоточ отстойником	Дана	10	350.56	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (10)	0	3 505.60
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Отын сорғысы	жеңіл автомобиль үшін	Запчасть ВАЗ Электробензонасос ВАЗ-2112 и модиф. (мотор)	Дана	7	3 950.24	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (7)	0	27 651.68
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шамның тақтасы	жеңіл автомобиль үшін	Запчасть ВАЗ Плата фонаря 2108 лев	Дана	5	1 750.56	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	8 752.80



"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Шамның тақтасы	жеңіл автомобиль үшін	Запчасть ВАЗ Плата фонаря 2108 прав	Дана	5	1 750.56	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	8 752.80
"Астана қалалық жарық" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Отын сорғысы	арнайы және мамандандырылған техника үшін, жоғары қысым	Запчасть ВАЗ Электробензонасос погружной ВАЗ-2108,09 KNV-1139009-31	Дана	5	4 999.68	Шарт бойынша	Шарт бойынша	Нұр-Сұлтан қ., "Байқоңыр" ауданы Жеткізуші тауарды Нұр-Сұлтан қаласы «Байқоңыр» ауданы Жетіген көшесі, 28/9 мекен-жайы бойынша жеткізеді. (5)	0	24 998.40



Договор о государственных закупках товаров

г.Нур-Султан

№174

Товарищество с ограниченной ответственностью "Астана қалалық жарық", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем «Заказчик», от лица которого выступает Главный инженер Керимкулов Болат Бериккулович, действующий на основании Приказ №42-Н от 19.06.2020 года, с одной стороны и Товарищество с ограниченной ответственностью "КСК", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем «Поставщик», от лица которого выступает директор Николаев Константин Владимирович, действующий на основании устава, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании пп.42 п.3 ст.39 приобретения однородных товаров, если годовой объем таких однородных товаров в стоимостном выражении не превышает стократного размера месячного расчетного показателя, работ и услуг, если годовой объем таких однородных работ и услуг в стоимостном выражении не превышает пятисоткратного размера месячного расчетного показателя, а для аппаратов акимов городов районного значения, сел, поселков, сельских округов не превышает трехтысячекратного размера месячного расчетного показателя, установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете; Закона Республики Казахстан от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках» (далее - Закон), государственных закупок способом «Из одного источника путем прямого заключения договора» заключили настоящий договор о государственных закупках товаров (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется поставить Товар согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять Товар и оплатить за него на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) условия поставки закупаемых товаров (приложение 1);
- 3) техническая спецификация (Приложение 2).

2 Сумма Договора и условия оплаты

2.1 Общая сумма Договора определяется Приложением № 1 к Договору и составляет 1 069 554.08 (один миллион шестьдесят девять тысяч пятьсот пятьдесят четыре тенге восемь тиын) тенге и включает все расходы, связанные с поставкой Товаров, а также все налоги и сборы, предусмотренные законодательством Республики Казахстан, в том числе НДС 114 595.08 тенге (сто четырнадцать тысяч пятьсот девяносто пять тенге восемь тиын) (далее - сумма Договора).

